



24.12.24 № 02-001-02/446

Орал қаласы

город Уральск

Батыс Қазақстан облысының азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

Орал қаласы

«25» желтоқсан 2024 жыл

Төрағалық еткен:

Қ.Ш. Айтмұхамбетов - комиссия төрағасы, Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары.

Қатысқандар: комиссия мүшелері, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері

Ж.Д. Халиуллин - комиссия төрағасының орынбасары, Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы;

М.Ж. Маутов - комиссия хатшысы, Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы;

Н.С. Өтепбаев - Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы;

Е.Н. Досмақов - «Ақжайық» ӘКК» акционерлік қоғамы Басқармасының төрағасы;

Н.Е. Рахымжанов - «Батыс» шаруалар орталығы қауымдастығы» Батыс Қазақстан облысының жеке кәсіпкерлер бірлестігінің төрағасы;

А.М. Дәулетжанов - «Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы;

Б.А. Атауов - «БҚО ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің өкілі;

А.С. Туркина	«Заман» өндірушілер ассоциациясының директоры;
М.М. Құланбаев	Батыс Қазақстан облысы кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары;
Б.Г. Лаврентьев	«Ақ Жол» Орта және кіші бизнесті қолдау ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің директоры;

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру және бұрын жасалған келісім шарттар мерзімін ұзарту бойынша.

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының кейбір түрлеріне бағаны тұрақтандыру мақсатында келесі сұрақтар қаралуда:

1) «Amaner IZI» ЖШС–нің ұсынған коммерциялық ұсынымына сәйкес, 1 кг 1900 теңгеден 50 тонна сиыр етін (сүйекті жауырын-төс бөлігі) «Айналым схемасы» тетігі негізінде 2025 жылдың 31 мамырына дейін қаржыландыру;

2) «БҚО тұрақтандыру қоры» ЖШС–нің ұсынған коммерциялық ұсынымына сәйкес, 1 кг 1900 теңгеден 50 тонна сиыр етін (сүйекті жауырын-төс бөлігі) «Айналым схемасы» тетігі негізінде 2025 жылдың 31 желтоқсанына қаржыландыру;

3) «Руслан» ШҚ–ның ұсынған коммерциялық ұсынымына сәйкес, 1 кг 140 теңгеден 700 тонна картоп өнімін жеткізуге «Айналым схемасы» тетігі негізінде 2026 жылдың 31 мамырына дейін қаржыландыру;

4) «Grano PV» ЖШС – мен 2023 жылғы 8 тамызда №90 қарақұмық жармасын жеткізуге (100 тонна) жасалынған келісімшарт мерзімін 2025 жылдың 31 қыркүйегіне дейін ұзарту;

5) «Талецкий» ЖК – мен 2024 жылғы 20 ақпандағы 1 сұрыпты нанды жеткізуге (167 тонна) жасалынған №18 келісімшарт мерзімін 2025 жылдың 30 маусымына дейін ұзарту.

ШЕШІМ:

1) «Amaner IZI» ЖШС–нің ұсынған коммерциялық ұсынымына сәйкес, 1 кг 1900 теңгеден 50 тонна сиыр етін (сүйекті жауырын-төс бөлігі) «Айналым схемасы» тетігі негізінде 2025 жылдың 31 мамырына дейін қаржыландыру ұсынысы қабылдансын;

2) «БҚО тұрақтандыру қоры» ЖШС–нің ұсынған коммерциялық ұсынымына сәйкес, 1 кг 1900 теңгеден 50 тонна сиыр етін (сүйекті жауырын-төс

бөлігі) «Айналым схемасы» тетігі негізінде 2025 жылдың 31 мамырына дейін қаржыландыру ұсынысы қабылдансын;

3) «Руслан» ШҚ-ның ұсынған коммерциялық ұсынымына сәйкес, 1 кг 140 теңгеден 700 тонна картоп өнімін жеткізуге «Айналым схемасы» тетігі негізінде 2026 жылдың 31 мамырына дейін қаржыландыру ұсынысы жиынға қатысқан комиссия мүшелерінің басым көпшілігінің оң дауыс беруіне байланысты қабылдансын;

Комиссия мүшесі Лаврентьевтың Б.Г. қарсы болғаны ескерілсін.

4) «Grano PV» ЖШС – мен 2023 жылғы 8 тамызда №90 қарақұмық жармасын жеткізуге (100 тонна) жасалынған келісімшарт мерзімі жиынға қатысқан комиссия мүшелерінің басым көпшілігінің оң дауыс беруіне байланысты 2025 жылдың 31 қыркүйегіне дейін ұзартылсын;

Комиссия мүшелері Өтепбаев Н.С. және Лаврентьевтың Б.Г дауыс беруден қалыс қалғаны ескерілсін.

Бұдан бөлек жиынға қатысқан комиссия мүшелерінің басым көпшілігінің шешіміне сәйкес тауар интервенциясы 2025 жылдың қаңтар айынан басталсын.

5) «Талецкий» ЖК – мен 2024 жылғы 20 ақпандағы 1 сұрыпты нанды жеткізуге (167 тонна) жасалынған №18 келісімшарт мерзімі 2025 жылдың 30 маусымына дейін ұзартылсын.

2. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №300 «Батыс Қазақстан облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру» қағидасының 43-тармағына сәйкес, «Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ және «Ақжайық» ӘКК» АҚ бірлесіп тауар интервенцияларын жүзеге асыратын сауда объектілерінің орналасқан жері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары және ресми сайттар арқылы тұрғындарға жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізісін.

Қолы:




Төрағалық етуші  Айтмұхамбетов Қ.Ш.

Комиссия мүшелері:


Халиуллин Ж.Д.

Өтепбаев Н.С.


Досмақов Е.Н.


Рахымжанов Н.Е.




Дәулетжанов А.М.



Атауов Б.А.




Лаврентьев Б.Г.




Туркина А.С.



Құланбаев М.М.



Комиссия хатшысы:



Мауров М.Ж.